



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

- Құрдастары арасында өздерін жайсыз сезінуді жою;
- Материалдарды қызықты түрде түсіндіру;
- Толық отбасында тәрбиелеу (басқа балалармен);
- Стандартты емес түрдегі оқыту[3].

Қорытыта келгенде, ақыл-ойы кем балалармен түрлі коррекциялық жұмыстар жүргізіледі. Оларды оқыту барысында түрлі әдістер мен жаттығулар қолдану қажет. Бұл жұмыстарды жүргізу кезінде бірлескен ұжымның ынтымақтастығы нық болу тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрманбетова Ұ., Тебеннова Қ.С., Омарова Н.Н. Мамандыққа кіріспе (дефектология) оқулық құрал. Қарағанды. ҚарМУ баспасы, 2006, 127б.
2. <https://stud.kz/referat/show/60537>
3. <http://dereksiz.org/korrekcijali-pedagogika-ou-edistemelik-kesheni.html?page=7>
4. Ибатова Г.Б. и др. Дамуында түрлі ауытқулары бар балалардың сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктері. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет, 2014. – 48б.
5. Айтбаева А.Б. Коррекциялық педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 160б.
6. Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С. Қазақстан Республикасында балаларға білім беру мекемелерінің әр түрлерінде логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014. 62б.

ӘОЖ 37

ЖАҢА ФОРМАЦИЯ ПЕДАГОГЫ – ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА

Сапарова Айдана Асқарқызы
магистр, биология пәнінің мұғалімі
Saparova_aidana93@mail.ru
Нуркенова Гулмира Дауылбайқызы
магистр, педагогика және психология пәнінің мұғалімі
«Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК»
Қостанай облысы Арқалық қаласы
Nurkenova.gulmira.97@mail.ru

Аңдатпа

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оның шығармашылық қызметінің нәтижесі арқылы анықталатындығы, шығармашылық біліктер мен кәсіби шебер мұғалімнің бойында болатын қасиеттер, яғни жаңа формация мұғалімі қандай болу керектігі туралы мағлұмат берілген.

Түйінді сөздер: білім, жаңашылдық, шығармашылық

Аннотация

Решается в результате профессионализма и творчества учителя, на творческих навыков преподавателей и профессиональных качеств, то есть, о том, что должен быть учитель новой формации.

Ключевые слова: образование, инновации, творчество

Abstract

Solved as a result of the professionalism and creativity of the teacher, the creative skills of teachers and professional qualities, that is, about what should be the teacher of the new formation.

Key words: education, innovation, creativity

«Жаңа формация педагогы – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін – өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» Н. Назарбаев. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Ұстазболу – адамның асылдығы Ғафу Қайырбеков.

Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Қазіргі ақпараттық құралдарды меңгермеген мұғалім «ескірген» немесе «ескі көзқарастағы» педагог деп аталды. Сондықтан қазіргі жаңа формация мұғалімі құзырлықтың төрт түрі: арнайы, әлеуметтік, білім беру, ақпараттық құзырлықты игерген болуы шарт. Оның барлығы да негізгі болады. Бірақ, жетекші – ол білім беру құзырлығы, оның кәсіби шеберлігі.

Қазіргі заманғы жаңа формация мұғалімі қандай болуы керек?

1. Мұғалім білім берудің жаңа құндылықтарына бағытталған, жаңа мектептердің тұжырымдамаларын, тәрбие мен білім берудің балама жүйелерін біледі; білім мазмұнын құрудың жаңа әдістерін айта алады.

2. Дамыта оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін біледі.

3. Оқытуды кіріктіру және саралаудың тұжырымдамалық әдістері мен принциптерін, маңыздылығын біледі.

4. Жастық және педагогикалық психология бойынша базалық білімі бар: әр түрлі жас кезеңдеріндегі оқушылардың, ұжымның психологиялық заңдылықтарын және оларды диагностикалауды; педагогикалық өзара әдістер мен тәсілдерді, өздік талдауды ұйымдастыру принциптерін игерген.

5. Құзырлық тұрғысынан ұйымдастыру қарым-қабілеті бар, яғни құрастырушылық, кәсіби, әлеуметтік, жеке тұрмыстық құзырлықтарға ие.

6. Жалпы және кәсіби білім беруді қазіргі модернизациялау арқылы қоғамның талабы мен жеке тұлғаның сұранысын қамтамасыз ете алады.

Мұғалім информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын терең меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлғалық құзыреттілігі. Педагогикалық іс-әрекет этика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

Педагогикалық іс-әрекет көрсеткіштері балаларды жақсы көру, өзара сыйластық, қолдау көрсету өзін-өзі және баланы құрметтеу мейірімділік.

Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі үшін атқарылатын кәсіптік жауапкершіліктің көрсеткіштері кәсіпке, қоғамға демеу қарым-қатынас тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау, эмоцияналдық байсалдылық, әдептілік ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас.

Қазіргі заман ұстазының кәсіби шеберлігінің негізі мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным. Пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты, терең дайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін міндетті түрде меңгеру. Білім берудің ұлттық моделін қолданушы ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психолог - педагогтық сын көзбен қарай білетін іскер мұғалім қажет.

Күнделікті іс-тәжірибеде мұғалімнің кәсіптік білімін көтеруіне мектеп қабырғасында жағдай жасау керек. Ол үшін мектепте ғылыми әдістемелік кеңес пен бірлестіктердің және зертханалардың жұмыс істеуі тиіс.

Бүгінгі өмір талабына сай ұстаздардың біліктілігі мен білімділігін шыңдап отыратын жоғарыда атап өткен мәселелермен қатар, әр мектепте заманауи талапқа сай оқу құрал-жабдықтарымен қатар интернет жүйесі тұрақты жұмыс істеуі қажет.

XXI ғасыр ұстазының тұлғасы мен іс әрекетін жүйелі ұғыну үшін оған жаңа теориялық методологиялық негізде талап қойылуға тиіс. Осы жолдағы алғашқы қадам, ауыл мұғалімдерін арнайы әлеуметтік кәсіби топ деп қарай отырып, оларды зерттеу бағытында психологиялық педагогикалық және әлеуметтік ілімдердің біріктірілуі қажет. Міне, осындай жағдайларды ескере келіп, оның кәсіптік мәдениетінің өрістеуіне жан -жақты көмек, көңіл бөлу, жағдай жасалуын ескерген жөн. Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Ұстаз алдындағы басты міндет XXI ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімі жоғары, құқықтық құжаттық мәдениеті,

жан жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы.

Педагог – әдіскер. Қазіргі жағдайда педагог қызметінің ауқымы кең және алуан түрлі. Оның негізгі бағыттарының бірі – әдіскерлік мәдениетін өзін-өзі дамытуы, кәсіби шеберлігін үздіксіз арттырып отыруы. Әдіскер – педагог өзінің жұмысын жоғары деңгейде жүргізіп қана қоймай, басқаларға өз тәжірибелерді тауып, танып, тарата білу керек; б) оқу әдіскерлік проблемаларды танып, талдама жасайды; в) алуан түрлі әдіскерлік жұмыстарды тиімді тұтастыра білуі керек; г) жас педагогтардың өзін – өзі дамытуға көмек береді. Өзін – өзі дамытуға бағдарлама құрғанда жалпы – мәдени, философиялық – әдістемелік, тәрбиелік, дидактикалық, педагогикалық, психологиялық, техникалық дайындықтарға назар аударады. Әдістемелік жұмыстың өз мәнінде жүруіне «ашық сабақтардың» рөлі зор. Педагог өз оқу орнының көлемінде шектеліп қалмай, семинарларға, конференцияларда қатысу белсенділік танытады.

Педагог – зерттеуші. Педагог зерттеуші ретінде өзінің педагогикалық қызметінде қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оны шешуге деген қажеттілік туындайды. Жұмысқа шығармашылықпен қарау, шабыттандыру – зерттеушіліктің қозғаушы күші болып табылады. Педагогикалық инновацияның дамуына байланысты, педагогикалық эксперимент жүргізе отырып тіпті жас педагогтар да өзінің зерттеушілік қабілетін дәлелдей алады. Сондықтан педагогикалық негізгі міндеттерінің бірі методикалық мәдениет арқылы өзін – өзі дамыту болып табылады.

Педагог – шығармашылықпен өзін-өзі дамытушы тұлға. Педагог – рухани бай тұлға. Педагог – адамгершілігі мол, мейірімді тұлға. Педагог – бәсекелестікті тұлға.

Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз бен жанжақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі – тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты білім алушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық [б. 4- 5.]
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық [б.5 -6]
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты // Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы / Ел, 2008. – 12 ақпан[6]
4. <http://kk.wikipedia.org/wiki> .
5. “Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы”, 4 – том «Білімді ұрпақ – ұлт болашағы» 30.12.2011
6. <http://bilimsite.kz/>

УДК 371.381

РОЛЬ ПОДВИЖНЫХ ИГР В ФОРМИРОВАНИИ И КОРРЕКЦИИ НАРУШЕНИЙ ОПОРНО-ДВИГАТЕЛЬНОГО АППАРАТА У ДЕТЕЙ.

Сапельникова Анна Анатольевна
anna_54_66@mail.ru
Шевцова Светлана Владимировна
педагог-исследователь
КГУ «Общеобразовательная школа
№23 имени М.Козыбаева отдела образования города Костаная»
Управления образования акимата
Костанайской области
г.Костанай, Казахстан
svetlana1979.08@mail.ru

Аңдатпа

Өсу мен даму, балалардың денсаулық жағдайы қазіргі уақытта біздің еліміздегі әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы өзекті мәселе және бірінші кезектегі мәселе болып табылады, өйткені ол елдің